

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШКІРІ

8D10139 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторант Перменов Бекжан Абдалимұлының «Экстракорпоральды мембраналық оксигенация қызметін ұйымдастыру және дамыту стратегиясы» тақырыбында мақалалар сериясы негізінде орындалған диссертациялық жұмысына берілген

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес орындалған: «Өмір және денсаулық туралы ғылым». Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына және жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді.</p> <p>Рецензияланатын диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және оның өзектілігі мен маңыздылығы толық ашылған. Экстракорпоральды мембраналық оксигенация қызметін ұйымдастыру мен дамытудың стратегиялық аспектілеріне арналған бұл зерттеу қоғамдық денсаулық сақтау ғылымы үшін жоғары өзекті және маңызды ғылыми еңбек болып табылады. ЭЖМО қазіргі кезеңде ауыр кардиопульмоналдық жеткіліксіздік жағдайларында қолданылатын жоғары технологиялық көмектің маңызды бағыттарының біріне айналды. Осыған байланысты</p>
2.	Ғ ылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	

			<p>ЭҚМО қызметін тек клиникалық технология ретінде ғана емес, тиімді ұйымдастыруды, кадрлық қамтамасыз етуді, ресурстарды ұтымды бөлуді, үздіксіз оқытуды және сапалы ақпараттық сүйемелдеуді қажет ететін кешенді денсаулық сақтау қызметі ретінде қарастыру аса маңызды. Әлемдік және отандық әдебиеттерге жасалған талдау ЭҚМО қызметін ұйымдастыру тәсілдерінің, стандарттарының, мамандарды даярлау деңгейінің және ресурстық қамтамасыз етілуінің біркелкі еместігін көрсетеді. Бұл көмектің қолжетімділігі мен сапасына тікелей ықпал етеді. Сонымен қатар, оқытылған кадрлардың тапшылығы, стандартталған тәсілдердің жеткіліксіздігі және мамандандырылған бөлімшелердің шектеулі болуы ЭҚМО қызметінің тұрақты дамуына кедергі келтіретін факторлар ретінде қарастырылады. Зерттеудің маңызды қыры – ЭҚМО қызметіндегі мейіргерлердің рөлін бағалау, цифрлық ақпараттық кеңістіктегі медициналық контент сапасын талдау және көпсалалы стационарларда ЭҚМО-ны кезең-кезеңімен енгізу моделін ұсыну. Осы тұрғыдан алғанда, бұл диссертациялық жұмыс қоғамдық денсаулық сақтау жүйесі үшін аса маңызды ғылыми және практикалық мәселені қамтиды және ЭҚМО қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындауға елеулі үлес қосады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижелері бес ғылыми жұмыста жарияланған. Жарияланымдар жиынтығы ізденушінің академиялық дербестігінің жоғары деңгейін, ғылыми ізденістің жүйелілігін және авторлық үлесінің елеулілігін көрсетеді. Ұсынылған мақалалар зерттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттерін толық қамтиды және докторанттың ғылыми проблемаларды өз бетінше тұжырымдау, тиісті әдістерді таңдау, алынған нәтижелерді талдау және рецензияланатын басылымдарда жариялау қабілетін дәлелдейді. Бұл жарияланымдық белсенділік PhD дәрежесін алу талаптарына сәйкес келеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі нақты әрі дәйекті негізделген. Ұсынылған өзектілік қазіргі заманғы жоғары технологиялық медициналық көмек пен денсаулық сақтау</p>

	<p>2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>қызметін ұйымдастырудың басымдықтарына толық сәйкес келеді.</p> <p>Жарияланған 5 мақала диссертациялық зерттеудің тақырыбын толық ашады және айқындайды. Докторант «Evaluating the Quality and Reliability of YouTube as a Source of Information on Extracorporeal Membrane Oxugeneration: A Call to Publish More Quality Videos by Professionals» мақаласын Journal of Korean Medical Science журналында жариялаған. Сонымен қатар «Extracorporeal membrane oxugeneration: unmet needs and perspectives» және «Healthcare professionals' perceptions of nurses' qualifications and roles in extracorporeal membrane oxugeneration: an online cross-sectional survey» мақалалары Rheumatology International журналында жарық көрген. Бұдан бөлек, «Healthcare professionals' views on training, standards, and resources for extracorporeal membrane oxugeneration: a cross-sectional survey» мақаласы Croatian Medical Journal журналында, ал «Practical Recommendations for ESCMO Implementation in Multidisciplinary Hospitals Without Cardiac Surgery: Lessons Learned from the Five-Year Experience of the Heart Center Split» мақаласы тәжірибелік - ұйымдастырушылық бағыттағы қорытынды еңбек ретінде жарияланған. Жұмытығында бұл жарияланымдар диссертация тақырыбының стратегиялық, ұйымдастырушылық, кадрлық, ақпараттық және енгізу аспектілерін толық қамтиды.</p> <p>Докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбына мақсаты мен міндеттері толық сәйкес келеді. Сонымен, «Extracorporeal membrane oxugeneration: unmet needs and perspectives» мақаласы бірінші міндетке, «Healthcare professionals' views on training, standards, and resources for extracorporeal membrane oxugeneration: a cross-sectional survey» мақаласы екінші міндетке, «Healthcare professionals' perceptions of nurses' qualifications and roles in extracorporeal membrane oxugeneration: an online cross-sectional survey» мақаласы үшінші міндетке, «Evaluating the Quality and Reliability of YouTube as a Source of Information on Extracorporeal Membrane Oxugeneration: A Call to Publish More Quality Videos by Professionals» мақаласы төртінші міндетке, ал «Practical Recommendations for ESCMO</p>
--	--	--

<p>Implementation in Multidisciplinary Hospitals Without Cardiac Surgery: Lessons Learned from the Five-Year Experience of the Heart Center Shymkent» мақаласы бесінші міндетке сәйкес келеді.</p>		
<p>Диссертациялық зерттеудің өзара байланысы мен логикалық тұтастығы барлық кезеңдерде және жарияланған барлық ғылыми мақалаларда сақталған. Әр мақала алдыңғы мақаланың жалғасы және мазмұндық толықтырушысы болып табылады. Әдебиеттер мен дереккөздерге сыни талдау жасалып, зерттелген мәселе мүмкіндігінше объективті түрде ашылған. Зерттеуде пайдаланылған барлық деректер сенімді көздерден алынған, ал ғылыми мақалаларда жарияланған нәтижелер халықаралық журналдардың рецензиялауынан өткен. Жұмыстың логикалық бірізділігі айқын: диссертация ЭКМО саласындағы шешілмеген мәселелердің кең аналитикалық шолуынан басталып, одан әрі кадрлық және ресурстық қамтамасыз етуге, кейін мейіргерлік рөлді нақтылауға, қоғамдық ақпарат сапасын бағалауға және соңында Шымкенттегі нақты институционалдық тәжірибе негізінде тәжірибелік синтезге ұласады. Мұндай құрылым жұмыстың ішкі бірлігін толық қамтамасыз етеді.</p>	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	
<p>Диссертациялық зерттеуде автор ұсынған тұжырымдар мен қағидағтар ғылыми тұрғыда негізделіп, жүргізілген талдау нәтижелерімен дәлелденген. ЭКМО қызметінің ұйымдастырушылық, кадрлық, ақпараттық және тәжірибелік аспектілері халықаралық тәжірибемен салыстыра қарастырылып, осы саланың өзекті мәселелері мен шектеулері айқындалған. Зерттеу қорытындылары жеке пікірге емес, беделді ғылыми дереккөздерге, халықаралық ұсынымдарға, рецензияланатын жарияланымдарға және автор жинақтаған енгізу тәжірибесіне сүйенеді, бұл алынған нәтижелердің объективтілігі мен ғылыми дәлелдігін көрсетеді.</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	
<p>Диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған ережелер толығымен жаңа болып табылады және қоғамдық денсаулық сақтау саласында ғылыми негізделген жаңа шешімдерді ұсынады.</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>

		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған қорытындылар ғылыми жаңалық талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері түпнұсқалығымен ерекшеленіп, қойылған мақсат мен міндеттерге толық сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу барысында әзірленген ұйымдастырушылық және тәжірибелік шешімдер ғылыми тұрғыда негізделген және тәжірибеде қолдануға жарамды. Диссертация аясында экстракорпоральды мембраналық оксигенация қызметін ұйымдастыруды жетілдіруге, кадрлық қамтамасыз етуді жүйелеуге, аппараттық сүйемелдеудің сапасын арттыруға және ЭЖМО-ны енгізуге институционалдық дайындықты күшейтуге бағытталған ұсынымдар әзірленген. Бұл шешімдер клиникалық, білім беру және ғылыми қызметте қолдануға бейімделген және тәжірибелік маңыздылыққа ие.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p> <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>Қорытындылар ғылыми жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және қазіргі ғылыми парадигмаға негізделген. Диссертациялық зерттеу ғылыми аппаратты жүйелі түрде ұсынумен ерекшеленеді, ал мазмұнында логикалық қайшылықтар анықталмаған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер		<p>Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған негізгі ережелер жаңашылдығымен, ғылыми тұрғыда дәлелденуімен және денсаулық сақтау саласындағы зерттеулерде қолданылу мүмкіндігімен сипатталады. Ізденуші жұмысының негізгі нәтижелері рецензияланатын журналдардағы ғылыми жарияланымдармен және халықаралық ғылыми іс-шараларда баяндалған материалдармен негізделген. Ұсынылған нәтижелер тәжірибеде қолдануға жарамды және инновациялық сипатқа ие.</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу әдістемесін таңдау және оларды қолдану ғылыми мақалаларда кең әрі егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдістер заманауи және жалпыға танылған. Сонымен қатар, зерттеу әдістері мен оларды іске асыру тетіктері зерттеу дизайнына негізделіп, жүйелі әрі бірізді түрде баяндалған, бұл диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік берген. Зерттеу жұмыстарының жоспарлануы мен іске асырылуы жергілікті этикалық комитеттің оң қорытындысымен мақұлданған.</p>

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында докторант заманауи ақпараттық - коммуникациялық технологияларды және деректерді өңдеудің статистикалық әдістерін, соның ішінде IBM SPSS Statistics бағдарламасын (IBM SPSS Statistics 25.0 - ЭКМО, стандарттар, оқыту және ресурстық кедергілер бойынша халықаралық онлайн-сауалнамада, ал IBM SPSS Statistics 29.0 - ЭКМО туралы YouTube-контенттің сапасы мен сенімділігін зерттеуде қолданылды.), сондай-ақ сапалық және сандық талдау тәсілдерін пайдаланған, бұл алынған нәтижелердің объективтілігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Теориялық тұжырымдар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар статистикалық көрсеткіштерді есептеу, сауалнама деректерін талдау, контент сапасын бағалау және енгізу тәжірибесін синтездеу арқылы негізделіп, нақтыланған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми - тәжірибелік конференциялар мен форумдарда баяндалып, талқыланды.</p>
	<p>8.4 Мамандық мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында пайдаланылған маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен негізделген.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Әлемдік библиографиялық деректер базалары негізінде жүргізілген кең ауқымды, әрі жүйелі ғылыми ізденіс әдеби дереккөздерді шолу талаптарына толық сәйкес келеді. Докторант зерттеу тақырыбына сәйкес келетін ғылыми әдебиеттердің жеткілікті көлемін қамтыған және халықаралық деңгейдегі беделді дереккөздерді пайдаланған.</p>
<p>9 Тәжірибелік құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы бар. Ұсынылған нәтижелер экстракорпоральды мембраналық оксигенация қызметін қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің кешенді</p>

		<p>құрамдас бөлігі ретінде ғылыми тұрғыда негіздеуге және оның ұйымдастырушылық, кадрлық, ақпараттық және енгізу тетіктерін жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алынған қорытындылар жоғары технологиялық медициналық көмекті ұйымдастырудың теориялық негіздерін толықтырып, ЭКМО қызметінің тиімділігі, қолжетімділігі және қауіпсіздігі туралы ғылыми түсініктерді тереңдетеді.</p>	<p>Зерттеу барысында әзірленген ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер ғылыми тұрғыда негізделген және тәжірибеде қолдануға жарамды. Диссертациялық жұмыс аясында экстракорпоральды мембраналық оксигенация қызметін ұйымдастыруды жетілдіруге, кадрлық қолдауды оңтайландыруға, ақпараттық сүйемелдеудің сапасын арттыруға және ЭКМО енгізуге институционалдық дайындықты күшейтуге бағытталған әдістемелік ұсынымдар қалыптастырылған. Алынған нәтижелердің клиникалық, білім беру және ғылыми тәжірибеде қолданылу мүмкіндігі жоғары.</p>
2) жоқ.			
9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары:			
1) ия;			
2) жоқ.			
9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?			
1) толығымен жаңа;			
2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);			
3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).			
Академиялық жазу сапасы:			
1) жоғары;			
2) орташа;			
3) орташадан төмен;			
4) төмен.			
10. Жазу және ресімдеу сапасы			<p>Тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс мазмұнына толық сәйкес келеді, логикалық тұрғыда бірізді құрылған және ғылыми стиль талаптарына жауап береді. Жарияланған мақалалардың құрылымы, мазмұны және рецензияланатын халықаралық журналдарда жарық көруі олардың жоғары академиялық деңгейін дәлелдейді.</p>
11. Диссертацияға ескертулер			<p>Ғылыми жұмыс жоғары деңгейде орындалған, алайда бірқатар нақтылауды талап ететін сұрақтар туындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұсынылған ұйымдастырушылық модельді Қазақстанның әртүрлі өңірлік стационарларында енгізу кезінде қандай институционалдық шектеулер шешуші болуы мүмкін? 2. ЭКМО-мейіргерлердің даярлығын стандарттау үшін ұлттық деңгейде қандай нормативтік құжаттар немесе құзыреттер шеңбері қажет деп санайсыз? 3. ЭКМО бойынша цифрлық ақпараттық контент сапасын арттыруда кәсіби қауымдастықтың

		<p>кағысуын жүйелі түрде қалай ұйымдастыруға болады? Аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми және тәжірибелік құндылықтарын төмендетпейді және ұсынымдық сипатта ғана.</p>
<p>12.</p>	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>1. Мақала: Extracorporeal membrane oxygenation: unmet needs and perspectives Ғылыми деңгейі: <i>Rheumatology International</i> (2024) 44, 2745–2756 https://doi.org/10.1007/s00296-024-05732-z ISSN:0172-8172. Q2, процентиль-81. Bekzhan A. Permenov, et all. Бұл шолу мақаласында экстракорпоральды мембраналық оксигенацияның қазіргі қолданылу аясы, шешілмеген мәселелері және даму перспективалары жүйелі түрде талданған. Мақала ЭКМО-ны клиникалық қана емес, қоғамдық денсаулық сақтау және ұйымдастыру тұрғысынан қарастыруымен құнды.</p> <p>2. Мақала: Healthcare professionals' views on training, standards, and resources for extracorporeal membrane oxygenation: a cross-sectional survey Ғылыми деңгейі: <i>Rheumatology International</i> (2026) 46:25 https://doi.org/10.1007/s00296-025-06066-0 ISSN:0172-8172.Q2, процентиль-79. Bekzhan A. Permenov, et all. Бұл мақала халықаралық сауалнама негізінде ЭКМО бойынша кадр даярлау, стандарттар және ресурстық кедергілер мәселелерін бағалайды. Нәтижелері ЭКМО қызметін ұйымдастырудың негізгі дефициттерін айқындауға мүмкіндік береді.</p> <p>3. Мақала: Healthcare professionals' perceptions of nurses' qualifications and roles in extracorporeal membrane oxygenation: an online cross-sectional survey Ғылыми деңгейі: <i>Croat Med J.</i> 2026 Jan 5;66(6):419-428. doi:10.3325/cmj.2025.66.419.PMID: 41520203; PMID: PMC12836024. ISSN:0353-9504. Q2, процентиль-69. Bekzhan A. Permenov, et all. Мақала ЭКМО-мейіргерлердің кәсіби ролі, құзыреттері және білім беру қажеттіліктерін халықаралық деңгейде зерделейді. Ол мейіргерлік компоненттің стратегиялық маңызын дәлелдейді.</p> <p>4. Мақала: Evaluating the Quality and Reliability of YouTube as a Source of Information on Extracorporeal Membrane Oxygenation: A Call to Publish More Quality Videos by Professionals Ғылыми деңгейі: <i>J Korean Med Sci.</i> 2025 Apr 7;40(13):e34 https://doi.org/10.3346/jkms.2025.40.e34 eISSN 1598-6357 pISSN 1011-8934 ISSN:0172-8172. Q1,</p>

	<p>процентиль-92. BekzhanA. Permenov, et all. Бұл зерттеу ЭКМО туралы цифрлық контент сапасының әркелкілігін көрсетіп, кәсіби медициналық коммуникацияны күшейту қажеттігін айқындайды. 5. Мақала: Practical Recommendations for ECMO Implementation in Multidisciplinary Hospitals Without Cardiac Surgery: Lessons Learned from the Five-Year Experience of the Heart Center Shymkent Ғылыми деңгейі: Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics 2026;7(1):XX-XX. https://doi.org/10.47316/cajmhe.2026.7.1.XX С. 14-22. eISSN: 2708-9800 BekzhanA. Permenov, et all. Бұл мақала бес жылдық институционалдық тәжірибе негізінде көпсалалы стационарларда ЭКМО-ны кезең- кезеңімен енгізудің практикалық моделін ұсынады және жұмыстың қолданбалы құндылығын күшейтеді.</p>	<p>Перменов Бекжан Абдалимұлының «Экстракорпоральды мембраналық оксигенация қызметін ұйымдастыру және дамыту стратегиясы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ішкі бірлігімен, ғылыми жанылығымен, теориялық және тәжірибелі құндылығымен, дәйектілігімен және қоғамдық денсаулық сақтау ғылымы үшін маңыздылығымен ерекшеленетін аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі қолданыстағы талаптарға толық сәйкес келеді, ал ізденуші Перменов Бекжан Абдалимұлы 8D10139 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі философия докторы (PhD) немесе бейні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖЖОҚБҰ жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе философия докторы (PhD) немесе бейні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОҚБҰ жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);</p>	

Рецензент:

медицина ғылымдарының докторы, профессор, профессор
«Семей медицина университеті» КеАҚ
госпитальдық хирургия кафедрасының профессоры

08.05.2026 жыл.

Булегенов Т.А.


